

Республикалық маңызы бар автомобиль жолының Шымкент – Тараз учаскесін ақылы негізде пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 10 қарашадағы № 585 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 қарашада № 25110 болып тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) I-б санатты Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас Көкпек, Көктал, Қайнар арқылы (Қазақстан Республикасы шекарасына кіреберістермен және Тараз, Құлан, Қордай асуы айналма жолдарының) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының Шымкент – Тараз 674+000 километр (бұдан әрі – км) – 534+700 км учаскесі (бұдан әрі – ақылы жол (учаске)) ақылы негізде пайдаланылатыны;

2) жүріп өту мынадай баламалы жол арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын Шымкент – Шаян – Жаңатас – Саудакент – Тоғызкент – Ақкөл – Тараз автомобиль жолы;

3) ақылы жолдың бастапқы пункті – 674+000 км, ақылы жолдың соңғы пункті – 534+700 км;

4) ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

5) ақылы жолдың (учаскенің) техникалық сыныптамасы – I-б санаты, ақылы жолдың (учаскенің) негізгі параметрлері:

автомобиль жолымен жүріп өту белдеуінің ені – кемінде 3,75 метр;

автомобиль жолы бойынша қозғалыс белдеулерінің саны - екі бағытта да 2 белдеу;

6) ақылы жолдың (учаскенің) ұзындығы – 89 км 300 метр;

7) ақылы автомобиль жолы арқылы (учаске) жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес айқындалатыны;

8) басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

9) ақылы жолды (учаскені) ақылы негізде пайдалану мерзімі – 20 жыл деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының 2021 жылғы
10 қарашадағы № 585
Бұйрыққа
1-қосымша

Ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі

Қиылысулар мен қосылулар мекенжайы км + метр	Көзделген қиылысу мен қосылу бойынша елді мекендердің атауы
Сайрам ауданы	
674 км	көлік айырмасы Шымкент қ. айналып өту
670 км	Ынтымак кенті
665 км	Қарабұлақ көлік айырмасы
658 км	Манкент көлік айрығы
Түлкібас ауданы	
652 км	Машат кенті
646 км	Састөбе көлік айрығы
632 км	Майтөбе көлік айрығы

587 км	Дүйсебай кенті
578 км	Қарасаз кенті
576 км	Бауыржан Момышұлы кенті
575 км	Ақ Бастау кенті
572 км	Аманбаев кенті
565 км	Нұрлыкент кенті
557 км	2 санатты "Алматы-Ташкент-Термез", автожолымен "Күйік" ескі асудан түсу
556 км	Теріс Ащыбұлақ кенті
555 км	"Күйік-Теріс-Ащыбұлақ", автожолынан шығу 3 санатты
537 км	Әулие көл кенті
Жамбыл ауданы	
535 км	Айша-Бибі көлік айрығы

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
міндетін атқарушының
2021 жылғы 10 қарашадағы
№ 585 бұйрығына
2-қосымша

Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 09.01.2025 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

I-б санатты учаскесі Көкпек, Көктал, Қайнар арқылы өтетін "Өзбекстан Республикасының шекарасы – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас (Қазақстан Республикасының шекарасына кіреберістермен және Тараз, Құлан, Қордай асуы айналма жолдарымен)" республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының "Шымкент – Тараз" 674 +000 километр (бұдан әрі-км) - 534+700 км учаскесі:

Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК)

№ Р/с	Аймақтар	Жеңіл автокөліктер		16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі – тн) дейін жүк автомобильдері		32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін жүк автомобильдері	
		Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем
1	674+000 км - 653+150 км (20 км 850 метр)	0,0114	0,0095	0,0468	0,0398	0,0930	0,0791

2	653+150 км - 632+000 км (21 км 150 метр)	0,0115	0,0096	0,0475	0,0404	0,0943	0,0802
3	593+000 км - 557+000 км (36 км)	0,0197	0,0164	0,0808	0,0688	0,1605	0,1365
4	546+000 км - 534+700 км (11 км 300 метр)	0,0062	0,0051	0,0254	0,0216	0,0504	0,0428
	Б і р бағыттағы барлық маршрут бойынша жиыны (89 км 300 метр)	0,0488	0,0406	0,2004	0,1706	0,3982	0,3386

кестеннің жалғасы

32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар		Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі жүк автомобильдері		Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары жүк автокөліктер, оның ішінде тіркемелері бар, ершікті тартқыштар	
Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем
0,1398	0,1189	0,1872	0,1594	0,2334	0,1986
0,1418	0,1206	0,1899	0,1617	0,2367	0,2014
0,2413	0,2053	0,3232	0,2752	0,4029	0,3429
0,0757	0,0644	0,1015	0,0864	0,1265	0,1076
0,5986	0,5092	0,8017	0,6826	0,9995	0,8505

Автокөлік құралының түріне және жүк көтергіштігіне байланысты жергілікті автокөлік үшін абонементтердің келесі түрлері көзделеді:

бір айға (күнтізбелік 30 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін жүк автомобильдері үшін	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін ж ү к автомобильдері үшін	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильдері үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары ж ү к автокөліктері, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	қарастырылм аған	2 АЕК	4 АЕК	6 АЕК	8 АЕК	10 АЕК

бір жылға (күнтізбелік 365 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін жүк автомобильде рі үшін	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін ж ү к автомобильде рі үшін	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары ж ү к автокөліктері, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	1 АЕК	20 АЕК	40 АЕК	60 АЕК	80 АЕК	100 АЕК

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК - айлық есептік көрсеткіш;

км - километр;

т - тонна.

Бұйрыққа 3-қосымша

Басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі

Р/с №	Елді мекеннің атауы
Жамбыл ауданы	
1	Әулие көл кенті
2	Күйік-Теріс-Ащыбұлақ автожолынан шығу
3	Теріс Ащыбұлақ кенті
4	Нұрлыкент кенті
5	Аманбаева кенті
6	Ақ Бастау кенті
7	Бауыржан Момышұлы кенті
8	Қарасаз кенті
9	Шақпақ ата кенті
10	Дүйсебай кенті